Қарағанды
13.01.22ж
мұрағы

Тобы: «Балбөбек»
Өтетін күні: 14.01.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлейік»
Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен танстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дәстүрден тыс әдіспен дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызға жаттықтыру.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Көрнекі сурет, суерт салуға қажетті сурет салу құралдары.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық		Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Педагог бүгін қонаққа қуыршақ Алма келгендігін айтады.Қуыршақ алма жақында әжесінің туған күні екенін,әжесіне сүлгі сыйлағысы келетінін ,сол сүлгіні әшекейлеуге балалардың көмектесулерін сұрайды. Балалардан сүлгіні не үшін қажет екенін ,оны қалай пайдалану керектігін сұрайды. Педагог сүлгіні төртбұрышты, үшбұрышты өрнектермен өрнектеуге болатынын түсіндіреді. Педагог Алманың әжесіне сый ретінде бергісі келетін сүлгіні әшекейлеуді ұсынады.Берілген дайын тік төртбұрышты пішіннің(сүлгі) екі шетіне өздері қалаған түстерді пайдаланып, төртбұрышты өрнектерді қылқалам көмегімен салу тәсілін түсіндіреді.Сүлгінің дәл ортасына үшбұрышты мөртаңбамен салу тәсілін де пайдалануға болады.Сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықтармен жүргізуді,сызықтарды қалай сызу керектігін ,қысқа әрі бірдей болуын қадағалайды. **<u>Сергіту сәті:</u>** Ақ матадай түгі бар Қызыл-жасыл гүлі бар. Жұмсақтығы мамықтай, Сүртінесің жалықпай. Тазалықтың досы- Сүлгі деген осы.	Балалар Алмаға көмектеседі. Балалар рет- ретімен суретті салады. Балалар өлең жолдарымен қимылдар жасайды.

Рефлексиялық түзетушілік	Алма балалардың әдемі сүлгі салғандарына тоқталып, өздерінен қандай өрнек пайдаланғандарын сұрайды. Сүлгіні әжесіне сыйлап,қуантатынын айтып, балаларға алғыс білдіреді.	Балалардың суреттерінен көрме ұйымдастырылып, тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:
Болуы: сүлгінің әртүрлілерін,тазалық үшін маңызын.
Білуі: маңайындағы адамдарға,достарға көмек көрсету қажеттігін.
Қолынан келуі: қылқаламды,мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлеу білуді.

қарайды
20.01.22ж
нурпт

Тобы: «Балбөбек»
Өтетін күні: 21.01.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Аққала»
Мақсаты: Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды қосу арқылы суретін салу. Балаларға қыс мезгілі туралы, қыс мезгіліндегі ойындар туралы түсініктерін кеңейту.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Көрнекі сурет, сурет салуға қажетті құралдар.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	-Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасайық! - Бүгін бізге қонаққа қуыршақ келді,ол неге көңілсіз?	Балалар шеңберге тұрып амандасты. Балалар назар салады. Амандасады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	- Сен неге көңілсіз болып тұрсын? Қуыршақ: -Қыс мезгілі басталды! Мен тонып қалдым! Мен далада аққала жасап тұрдым, енді оны қашан жасап бітіремін? -Балалар біз қуыршаққа көмектесемізба? - Бірақ, біз оны далада емес, топта жасаймыз. Қалай жасаймыз? (үстелде тұрған заттарға қарап балалар жауап береді) - Дұрыс, оны салып береміз. Немен саламыз? - Аққаланың пішіні қандай? - Дөңгелектердің көлемі қандай? - Денесінің түсі қандай? Мұрны қандай түсті? - Жақсы, онда біз осы көк қағазға ақ бояумен аққала салайық! Бірінші астына ең үлкен дөңгелекті, оның үстіне үлкен дөңгелекті, ал оның үстіне кішкентай дөңгелекті қылқаламмен саламыз. Сергіту сәті: Бір дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай,	Назар салып тыңдайды. - иә Заттарға қарап, ойланып жауап береді. - сурет саламыз, бояумен саламыз - қылқаламмен, бояумен - дөңгелек - өте үлкен, үлкен, кішкентай - ақ түсті - тоқсары түсті Назар салып тыңдайды. Қарайды. Әуеде қимылдарды қайталап отырады. Сергіту сәтіне барлығы тәрбиешімен бірге қатысады. Қимылдарды орындайды.

	Орнымызды табайық. - Енді, балалар жұмысқа кірісейік. Тәрбиеші көрсетеді және жеке көмектеседі. Жұмысты аяқтағаннан кейін тұрады.	Жұмысқа тәрбиешімен бірге кіріседі. Орындайды. Аяқтап болғаннан кейін барлығы тұрады. Талдайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар біз не салдық? - Кімге көмектестік? - Енді, салған суреттерді қуыршаққа сыйлайық. Ол қуанады. Мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді. - аққаланы - қуыршаққа Суреттерін барлығы қуыршаққа сыйлап, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Болуы: Балалар бояумен аққала салуға үйренді.

Білуі: Балалардың қол икемділігі дамыту.

Қолынан келуі: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.

Қалыпты
27.01.2022
нұрту

Тобы: «Балбөбек»
Өтетін күні: 28.01.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Қысқы шыршалары»
Мақсаты: Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Көрнекі сурет, сурет салуға қажетті құралдар.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Ашық менің жүрегім, Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер, Достарым көп білемін.	Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады. Бәрі бірге мына өлең жолдарын қайталайды. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақпейілмен: «Қайырлы таң!»-деймін мен. (Е.Өтетілеуұлы). Жұмбақ 1) Шанамен зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? 2) Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады Ол не? 3) Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң Төріндемін үйіннің. - Жарайсыңдар, Балалар өте дұрыс - Қазір қай мезгіл - Қыз мезгілінің ай аттары қалай аталады? - Қыста қандай ерекшеліктер болады? - Ендеше, балалар біз бүгін қысқы шыршалар туралы әңгімелейміз. - Балалар мына суреттерге назар салыңыздаршы, қандай сурет	Балалар өлең жолдарын тыңдап, қайталайды. - Қыс - Қар - Шырша - Қыс - Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан - Қар жауады, боран соғады, күн суытады, жылы киімдер киеміз. - Шыршалар

	бейнеленген? - Дұрыс шыршалар, олар орманда өседі. Шыршалардың түрлері көп болады, үйде де өсетін шыршылар болады. Тауда өсетін шыршалар да бар. - Үйде өсетін шыршаларға үлкен күтім керек балалар, өйткені олардың отаны тау бөктері, орман болып келеді. - Ал мына суретке қараңдаршы, жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Балалар шыршалар жылдың төрт мезгілінде де, басқа ағаштар сияқты емес, жасыл болып қала береді. - Ендеше қазір біз сендермен балауыз арқылы осы шыршаларды салып, бояумен бояймыз. Педагог балаларға сурет салуға көмек береді. **Сергіту сәті:** Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады.	- Қыс Балалар қызығушылықпен суреттерді салады. Өлең жолдарымен қимылдар жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Педагог балалардан сурет арқылы сұрақ- жауап алады. Балалардың салған суреттерін тақтаға іліп, бірге талдау жасайды. Ағаштардың пайдасы жайында қысқаша әңгімелеп, қорытындылайды.	Балалар ағаш туралы мәліметтер алады. сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Болуы: Қыста да шыршалардың түсі өзгермейтінін.
Білуі: Қыс мезгілінде шырша ағашының жапырақтары басқа ағаштарға қарағанда түспейтінін.
Қолынан келуі: Балауызбен шырша суретін салуды .